

2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 835 "2012 жылға Ұлан ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы" әкімдіктің қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 қазандағы N 415 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 қарашада N 2717 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 495 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012.12.11 N 495 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13), 14)-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2-тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 835 «2012 жылға Ұлан ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-17-160 номерімен тіркелді, 2012 жылғы 24 қаңтардағы № 7 аудандық «Ұлан таңы» газетінде жарияланды) әкімдіктің қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы келесі мазмұндағы 15)-тармақшасымен толықтырылсын:

«15) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.» .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Ибраевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі

С. Туленбергенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК